

Е. БЕКМАХАНОВ, Н. БЕКМАХАНОВА

**ҚАЗАҚ
ССР
ТАРИХЫ**

VII—VIII КЛАСТАРҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ ҚҰРАЛЫ

*Қазақ ССР Оқу министрлігі бекіткен
Он екінші басылуы*

АЛМАТЫ, „МЕКТЕП“ БАСПАСЫ, 1973.

Сегіз жылдық және орта мектепте Қазақ ССР тарихы СССР тарихының құрамында оқылады. Сондықтан СССР тарихы оқулығынан оқушыларға таныс бүкіл россиялық оқиғалар бұл оқу құралына енгізілмеді. Оқу құралы архивтік және әдеби деректерді пайдалану негізінде жазылды. Сонымен қатар «Қазақ ССР тарихы» I томының (Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963 ж.) материалдары да пайдаланылды.

М А З М У Н Ы

БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС

I т а р а у. Өте ерте замандағы адамзат қоғамы

§ 1. Алғашқы адамдар мен қоғамның шығуы	5
§ 2. Рулық қауым	7
§ 3. Тайпа одақтары	7

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН ФЕОДАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТУУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ ДӘУІРІНДЕ

II т а р а у. Қазақстан территориясындағы алғашқы феодалдық мемлекеттер

§ 4. Қазақстандағы феодалдық қатынастар	14
§ 5. XI—XII ғасырларда Қазақстан территориясындағы алғашқы феодалдық мемлекеттер	15
§ 6. VI—XII ғасырларда Қазақстан жерінде қалалардың, сауданың және қолөнер кәсіптерінің дамуы	20
§ 7. VI—XII ғасырларда Қазақстандағы халықтар мен тайпалардың мәдениеті	22

III т а р а у. Қазақстан халықтарының монғол-татарлардың шабуылына қарсы күресі


§ 8. Қазақстанды монғол-татарлардың жаулап алуы	27
§ 9. Халық бұқарасының монғол-татар басқыншыларына қарсы күресі	29

IV т а р а у. Қазақ халқы мен қазақ хандықтарының құрылуы

§ 10. Қазақстан Алтын орданың ыдырау дәуірінде	32
§ 11. Қазақ халқының құрыла бастауы	34
§ 12. Қазақ хандықтары және олардың Россиямен байланысы	35

V т а р а у. XVI—XVIII ғасырлардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысы

§ 13. Қазақтардың шаруашылығы	39
§ 14. Қазақтардың әлеуметтік құрылысы	41
§ 15. Саяси құрылысы	43



§ 16. XVII ғасырдағы және XVIII ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан мен Россияның өз ара қарым-қатынасы	43
§ 17. Қазақ халқының мәдениеті	44
VI тарау. XVII—XVIII ғасырлардағы қазақ халқының жоңғар феодалдарына қарсы азаттық күресі, Қазақстанның Россияға қосыла бастауы	
§ 18. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі	50
§ 19. Қазақстанның Россияға қосылуы	53
VII тарау. Қазақстан XVIII ғасырдың екінші жартысында	
§ 20. Қазақстанның сыртқы және ішкі жағдайы	58
§ 21. Қазақтардың 1773—1775 жылдардағы Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы	61
§ 22. Кіші жүздегі 1783—1797 жылдардағы шаруалар көтерілісі	64
§ 23. XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті	67
VIII тарау. Қазақстан XIX ғасырдың бірінші жартысында	
§ 24. Қазақстанның шаруашылық, әлеуметтік және саяси құрылысындағы өзгерістер	71
§ 25. Қазақтардың 1812 жылғы Отан соғысына қатысуы	73
§ 26. Патша өкіметінің Қазақстандағы отарлық саясаты	74
§ 27. Оңтүстік Қазақстандағы шаруалардың Қоқан және Хиуа феодалдарына қарсы көтерілісі	77
§ 28. 1836—1837 жылдары. Бөкей хандығында Исатай Таймановтың басшылығымен болған шаруалар көтерілісі	78
§ 29. Кенесары Қасымовтың 1837—1847 жылдардағы феодалдық-монархиялық қозғалысы	81
§ 30. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті	83
IX тарау. Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуы	
§ 31. Қазақ шаруаларының Қоқан феодалдарына қарсы 1858 жылғы көтерілісі	90
§ 32. Патша әскерлерінің Қоқан және Бұхар хандықтарына қарсы жорығы	91
§ 33. Қазақстанның Россияға қосылуының прогрессивтік маңызы	94
§ 34. Отарлық басқарма ісінің Қазақстандағы 1867—1868 жылдардағы реформалары	96
§ 35. 1869 жылғы Қазақ еңбекшілерінің патша өкіметінің отарлық езгісіне қарсы бас көтеруі	97
§ 36. 1870 жылғы Маңқыстаудағы көтеріліс	98

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАНДА КАПИТАЛИСТІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ПАТРИАРХТЫҚ-ФЕОДАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЫДЫРАУЫ

X тарау. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы	
§ 37. Россияда капитализмнің дамуы	101
§ 38. Ауыл шаруашылығына капиталистік қатынастардың енуі	102
§ 39. Қазақстанда капиталистік өнеркәсіптің пайда болуы	105
§ 40. Қазақ пролетариатының қалыптаса бастауы	108
XI тарау. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мәдениеті	
Қазақ ССР тарихының негізгі даталары	119

ҒЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Сендердің алдарында туған өлкеңнің — Қазақ ССР тарихы оқулығы жатыр. Біздің республикамыздың жері ұлан-байтақ: ол Алтайдан Каспий теңізіне, Тянь-Шаньнан Уралға дейін созылып жатыр. Республикамыздың байлығы да сарқылмас мол: құнарлы далалары, алуан түрлі пайдалы қазбалары, көрікті әсем қалалары бар. Оны көптеген ұлттар мекендейді. Біздің Отанымыз — Совет Одағы іс жүзінде жүзеге асырып жатқан коммунизм құрылысына Советтік Қазақстан да зор үлес қосуда. Бұл кітап Қазақстан жерінде ертеде адамдардың қалай өмір сүргені жайында баяндайды.

Ерте кезде ұшы-қиыры жоқ кең даланы көшпелі тайпалар жайлады. Олардың өз ара қарым-қатынасы нашар болды. Бір-бірімен жиі жауласып отырды. Бұл тайпаларға жақын тұрған күшті көршілері жойқын шапқыншылық жасап, елді тонап, адамдарын құлдыққа айдап әкетіп отырды.

Сендер бұл кітаптан бүгінгі Қазақстан жерінде ертеде қандай мемлекеттер болғанын, жаулармен кескілескен күрес жүргізе отырып, қазақ халқының қалай қалыптасқанын білесіңдер.

Алайда хандар мен сұлтандардың өз ара қырқысуы, соғыс құмар монғол-татарлардың, жоңғарлардың және қокандықтардың жүргізген басқыншылық саясаты қазақтардың мемлекеттік дамуын кешеуілдетті. Россияның көршілік көмегі қазақ халқының ұлттық дербестігін сақтап қалуға және шаруашылық пен мәдени өмірде белгілі бір табыстарға жетуге мүмкіндік берді.

Сендер оқулықтан орыс пен қазақ еңбекшілерінің арасындағы ұзақ уақыттан бері қалыптасқан қарым-қатынастардың тарихымен танысасыңдар. Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы неліктен маңызды болғанын да түсінесіңдер.

Халықтың өткендегі тарихы — оның бостандық жолындағы күресінің тарихы. Біз Қазақстандағы халық көтерілістерінің көсемдері: Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов сияқты ерлердің есімдерін еске алып, құрметтейміз. Олардың даңқты ерліктері де осы оқулықта баяндалады.

Достар! Сендер көптеген жаңалықтармен және қызықты оқиғалармен танысасыңдар. Бұл білімнің сендерге пайдасы мол.

Редакция.



БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС

I тарау. ЕҢ ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ АДАМЗАТ ҚОҒАМЫ

1. **Табиғат жағдайы.** Қазақстан территориясында алғашқы адамдар бұдан 700—500 мың жыл бұрын пайда болған. Ол кезде Қазақстан жерінің климаты қазіргідей емес еді. Таулары аласа болатын. Оңтүстіктен, Үнді мұхиты жағынан Қазақстанға ылғалды жылы ауа емін-еркін есіп тұратын. Жиі жауатын жылы жауын өсімдіктердің бітік өсуіне мүмкіндік беретін. Мұнда әртүрлі жануарлар мекендейтін. Аңғарларда, өзендер мен көлдер жағаларында пілдер болды. Шөбі шүйгін, кең-байтақ шалғын жайылымдарда табын-табын жылқылар жайылды. Алтай тауларының солтүстікке таман етегінде мамонттар, ұзын жүнді носорогтар, үңгір аюлары кездесетін. Ал жазық далаларда түйе, жайран, бөкендер үйір-үйірімен қаптап жүретін. Шамамен мұнан 100 мың жыл бұрын ауа райы салқындай бастап, климат жағдайы кілт нашарлап, жылылықты жақсы көретін жануарлар қырыла бастады. Қазақстанда ауа райының салқындауы өте ұзақ уақытқа созылды, тек 12 мың жыл өткеннен соң жылылық басталып, климат қазіргі кездегіге жақын бола бастады.

2. **Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдар.** Міне, осындай табиғат жағдайында алғашқы адамдар өмір сүрді. Қа-

рапайым ағаш таяқтың көмегімен жеуге жарайтын өсімдік та-мырларын қазып, даладан жабайы дән терген. Ірілі-ұсақты аң аулап, шағын өзендер мен жылғалардан балық аулаған. Жыртқыш аң, тасыған су, өңменінен өтетін ызғарлы суық, аурулар адамға жан-жағынан қауіп төндірді, «Бізден бұрын ешқандай да алтын заман болған жоқ, ал алғашқы қоғамдағы адамдар күн көрудің, табиғатпен күресудің қиыншылығынан мейлінше жаншылуда болған»¹,— деп жазды В. И. Ленин.

Адам өзін қоршаған жануарлар дүниесінен еңбек етудің ар-қасында бөлініп шықты. Адамдар бірлесіп істеген еңбек үстінде коллективтерге — алғашқы қауымдарға бірікті. Бір-бірімен ка-рым-қатынас жасап, олар бірін-бірі тек ыммен ғана емес, сөйлеу арқылы да түсінуге үйренді.

Уақыт өтіп жатты. Ондаған ұрпақтар ауысты. Адам еңбек құралдарын жетілдіріп, өмір тәжірибесін молайтты. Тас құрал-дар енді мыс және қола, сонан кейін темір құралдармен ауысты.

Қазақстан жерінде тас ғасырдың ең көне ескерткіші Шым-кент қаласының солтүстігіне таман, Кіші Қаратау жотасының маңынан табылған. Осы маңдағы Бөріқазған, Тәңірқазған жер-лерінен, сондай-ақ Текелі өңірінен де жер бетіне шығып жатқан тас бұйымдар табылған. Қаратау тауларынан үшкір тас, қыр-ғыштар, ал Бұқтырма өзенінің бойындағы ертедегі адамның қонысы болған үңгірден тас құралдар мен жануарлар сүйектері табылған. Қоныс тұрғындарының бизонды, жабайы жылқылар-ды алумен шұғылданғаны анықталды.

Қазалы маңынан археологтар саз балшықтан жасалған құ-мыра сынықтарын тапқан, оған ертедегі адамдар ас пісіріп ішкен. Құмыралар борпылдақ саздан жасалып, сонан кейін отқа күйдірілген. Жаңа тас ғасырдың аяғында Қазақстанда қа-жет құралдарын жасауға таза мысты пайдалана бастады. Тек неолиттен кейінгі қола дәуірінде ғана металл құралдар тас құ-ралдарды ығыстыра алды.

Мал бағуда, сондай-ақ кен қазуда және металл құралдар жасауда еркектердің ролі арта түсті. Қола дәуірінде Қазақстан ертедегі металлургияның көрнекті орталықтарының бірі бола бастады. Алтайда және Орталық Қазақстанда кен құралдары: кетпен, кен уатқыш қайла, қоладан, тастан және мүйізден жа-салған тесе табылған. Ерте кезде Шығыс Қазақстанда тек На-рым және Қалба жоталары кендерінің өзінде ғана ертедегі адамдар 1100 тонна қола қазып алғандығын ғалымдар есептеп шығарды.

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 5-том, 105—106-беттер.

§ 2. Рулық қауым

1. Андронов мәдениеті. Қола дәуірінде Қазақстан территориясын Андронов мәдениетінің тайпалары мекендеген. Ол алғаш рет осы мәдениетке жататын бірнеше мола қазылған Минусин қазан шұңқырдағы Андроново деревнясының атымен аталған.

Андронов мәдениеті Оралдан Енисейге, тайганың оңтүстік шегінен Тянь-Шань тауларына дейін өте кең алқапты алып жатты. Ертедегі молаларды қазу андроновтықтардың өмірін толығырақ білуге көмектеседі. Андроновтықтар өлген адамды тасқа, ағаш бөренелерге немесе жай бір шұңқыр қазып, бүгулі күйінде қырынан жатқызатын болған. Оның жанына саздан жасалған құмыраға азық салып қойған. Құмыралар өрнектермен: ойылған үш бұрыш, айқыш-ұйқыш және тура тартылған сызықтармен безендірілген. Арнаулы жерлерде аруақтарға деп құрбандық шалынған.




2. Андроновтықтардың шаруашылығы. Андроновтықтар мал шаруашылығымен, егіншілікпен және балық аулаумен шұғылданған. Олар өздерінің қоныстарын ықтасын жерлерге, шөбі қалың өзен сағаларына салды. Олардың дәнді дақыл, көбінесе тары өсіретін шағын егістік жерлері де осында орналасты. Ел тұрғындары қабырғалары тас плиткалармен немесе ағашпен қапталған кең жер үйлерде паналаған. Баспананың төбесіне шыбықтар мен сырғауыл төселіп, оның үсті топырақпен жабылған. Ол ағаш бағаналармен тірелген. Мұндай жер үйлер тастан қаланған ошақтармен жылытылған. Еден астынан үңгір-қойма қазылып, онда сүттен жасалған тағамдар мен ет сақталатын болған. Жер үйге жалғастыра ірі қара мал, жылқы қамайтын қоралар салынған. Осындай бірнеше үйлерден посёлке құралды.

Андроновтықтар өрмек тоқумен, тері илеумен, металдан және сүйектен құралдар жасаумен айналысты. Ертедегі зергерлер қабыршақтардан мыс қалайылардан, жабайы аңдардың азу тістерінен әшекейлер жасаған.




Андроновтықтар егістік жерді тас тесемен қопсытып, егінді қол орақпен орған. Пішен мен бұтаны орақпен, шалғымен шапқан. Қоладан пышак, қанжар, садақ жебесінің оқ ұшын және найза жасаған.

§ 3. Тайпа одақтары

1. Сақтар. Қазақстанда біртіндеп темір игеріле басталды. Қуатты тайпа одақтары пайда болды. Жеке семьялардың қолына көп мал тиіп, жинақтала бастады. Мал иелері жайылым жер-



Найзаның ұшы.



Ертедегі тас ғасырының құралдары.





Қыш-құмыра ыдыстар.

лерді әрдайым ауыстырып отыруға мәжбүр болды. Тек өзен аңғарлары ғана емес, сондай-ақ дала зоналары мен шөлейт жерлер, Тянь-Шаньның биік таулы бөктерлері біртіндеп игеріле бастады. Адамдар ауыздықты ойлап тауып, ат енді алысқа апаратын аса маңызды көлікке айналды. Киіз үй көшіп-қону үшін жеңіл әрі ыңғайлы тұрақты тұрғын үйге бейімделді. Алыстан тиетін садақ, үш қырлы ұштықты акинак-семсер қорғанудың және шабуыл жасаудың қаһарлы қаруына айналды. Мал мен мал жайылымы үшін болған соғыстар тайпа басшыларын байытып отырды. Тайпалар өз ара қосылып, тайпа одақтарына бірікті. Оны көсем басқарды. Көсем әмірі барған сайын нығая түсті.

Ертедегі қолжазбаларда біздің эрамызға дейінгі мыңыншы жылдардың ортасында Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген күшті сақ тайпалары туралы деректер кездесе бастайды. Парсы патшасы Кир сақтарды бағындырып алмақшы болып, оларға қалың әскермен қарсы шықты. Сақтар оған күйрете соққы берді. Сақтар Кир әскерлерін сусыз шөл далаға алдап алып барып, қырып тастады. Кир патшаның өзі де осы ұрыста өлтірілді. Ертедегі тарихшылар: сақтардың әйел патшасы Томирис месті қанға толтырып, оған Кирдің басын салуға әмір етті де: «Мен сені соғыста жеңгеніме қарамастан, сен мені тірідей азапқа салдың, зұлымдықпен баламды жалмадың, ал мен болсам өз антымды орындап, сені қанға тойғыздым» деді, — деп жауап берді.

Біздің эрамызға дейінгі 518 жылы Парсы патшасы I Дарий сақтарға қарсы жорыққа шықты. Ол да сақтардың байлыққа толы жерлерін басып алуға тырысты. Бірақ онысы сәтсіз болды. Парсы әскерлерін кенет шабуылдармен қалжыратып, үрейін алып, дүркірей қашуға мәжбүр еткен сақтардың ер жүрек атты әскерлерін Дарий қолбасшылары көпке дейін естерінде сақтады. Парсылармен болған соғыс кезінде Ширақ дейтін бақташының даңқы шықты. Ол жолды жақсы білетін, жол көрсеткіш адам болып, парсыларды сусыз шөл далаға ертіп әкелді. Олардың көпшілігі шөлден қырылды. Ызаланған парсы қолбасшысы Шираққа семсерін кезеп тұрып, не үшін өз өмірін құрбан еткінін сұрағанда, Ширақ мақтанышпен: «Мен жеңіске жеттім. Өз жерлестерім сақтарды апаттан құтқару үшін парсылардың діңкесін шөлмен және аштықпен құрттым» депті.

2. Сақтардың шаруашылығы, тұрмыс-салттары мен діни нанымдары. Сақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Олар жылқы, қой, сиыр өсірген. Көшпелі сақтар негізінен киіз үйлерде тұрған. Сырдария бойын мекендеген сақтар егіншілікпен айналысқан. Егінші сақтар өздеріне үйді саз балшықтан, ал



Сақ замандағы (б. э. д. VII—V ғғ.) мәдени ескерткіштер:
 а — скифтік аң стиліндегі белдіктің доға басы, б — алтын бедерлі арыстан, в —
 гранит моншақтардан жасалған алқа, г — сүйектен жасалған бұйымдар, д —
 ладан жасалған жебенің ұшы.

орманы көп жерлерде ағаштан салған. Сақ шеберлері металдан құралдар, қарулар, өрнек әшекейлер жасауда ерекше өнерге ие болды. Қазылған ескі молалардан табылған заттар сақтардың өмірі туралы көптеген қызықты мәліметтерді әңгімелеп берді.

Сақ заманындағы өте бір айқын ескерткіштің бірі — Іле өзенінің аңғарындағы Бесшатыр моласы. Молада көптеген қорған бар. Олардың ең үлкенінің биіктігі бес қабат үйдің биіктігіндей. Қорғандардың бірі Тянь-Шаньның дәу шырша бөренелерінен салынған.

Бесшатыр моласынан табылған заттар бізге сақтардың арасында күдіретті және бай тайпа көсемдері айрықша жағдайда болғанын, өлгеннен кейін оларды жерлеу үшін қыруар еңбек пен қаржы жұмсалып, ғаламат қабір-құрылыстар салынғанын хабарлайды. Сақ қорғандарынан қола, алтын, сүйек және темірден жасалған әр түрлі заттар табылған. Қарамұрын моласында скелет қасында үш қатар етіп салынған 46 оғы бар былғары қорамсақтың қалдығы, шомбал сапты қола қанжар табылған. Қанжарлар белге тағылған, не болмаса белбеуге қыстырылған. Белбеу қабат-қабат болған: былғары белбеуге тік бұрышты ауыр оқ сауыт ілінген. Ою-өрнек бұйымдары ерекше қызықтырады. Бұлар ешкінің мүсінді пішіні, қабандар, жыртқыш аңдар пішіндес ілгіштер, аң пішіні кимылмен берілген «аң стилі» деп аталатын мәнерде қола жапсырмалар.

3. Үйсіндер және қаңлылар. Біздің эрамызға дейінгі III ғасырда үйсіндер мен қаңлылар тайпасы басқарған тайпалар бірлігі пайда болады. Үйсіндер Жетісуды, қаңлылар Қазақстанның оңтүстігін — Сырдария өзенінің орта ағысының аңғары, Қаратау бөктерін мекендеген. Қазақстан территориясында үйсіндер мен қаңлылардан басқа уге, чешилер, аландар өмір сүрген.

Үйсіндер негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, бірақ олар егіншілік кәсіпті де білген. Үйсіндердің қоныстанушыларының қыстаулары тастан салынған, ошаққа от жағып жылытатын бірнеше қоныстардан және мал қамайтын өте үлкен қора-




Үйсіндердің Алматы маңынан табылған қақтап соққан әшекейлі алтыны.

лардан тұрған. Мұнда адамдар қыста ғана емес, жазда да тұрған.

Үйсіндердің өмірі, олардың тұрмыс салты, рухани мәдениеті Іле аңғары мен Жетісудың оңтүстік батысындағы көптеген үйсін молаларың қазу жұмысының нәтижесінде жақсы мәлім болды. Ертедегі үйсіндер өлген адаммен бірге молаға ішіне азық салынған және сусын құйылған саз балшықтан жасалған ыдыстар, ағаш табаққа салынған кесек-кесек қой етін қойған. Мұнда өлген адамның өзі тұтынатын заттары да, еркектердің — сарбаз садағы, оның оқтары, темір пышағы, әйелдердің — қола айнасы, сәндікке жағатын бояу салынған қорапшалары, шаш түйреуіші, моншағы, білезігі, қола, күмістен жасалған жүзігі, сырғасымен бірге көмілген. Сақтар сияқты үйсіндер мен қаңлыларда да байлар мен кедейлер болған. Үйсіндердің бай семьялары 5 мыңға дейін жылқы ұстаған. Рулық көсемдер ең таңдаулы жайылымдарды пайдаланған.

Үйсіндер арасында табиғатқа табыну, ата-бабалар аруағын құрметтеу сияқты түсінік-нанымдар болған. Олар күдіретті ұлы күштің барлығына сеніп, үй жануарларын оған құрбандыққа шалған. Олар бұрын жыл санағының негізі болған күнге, айға, жұлдыздарға табынған. Сол бойынша көшіп-қонғанда жолдарын анықтап, діни дәстүрлерді орындап отырған.



Қаңлы тайпалары жайында мәліметтер әлі өте аз. Үйсіндер сияқты қаңлылар да осы жерді мекендеген сақ тайпаларының ұрпағы болған. Олар тамаша диханшы болған.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ертедегі адамдардың қоныс-мекендері Қазақстан территориясының қай жерлерінен табылды?
2. Алғашқы адамдар қандай еңбек құралдарын пайдаланды?
3. Қазақстанды мекендеген ертедегі адамдардың өмірінде мал шаруашылығы мен егіншіліктің қандай маңызы болды?
4. Сақтардың, үйсіндердің және қаңлылардың мекендеген жерлерін картадан көрсетіндер. Олар немен шұғылданды?
5. Сақтарда, үйсіндерде және қаңлыларда мүлік теңсіздігі қалай шықты?
6. Егер сендер тұрған қаладағы музейде алғашқы қауымдық құрылысты бейнелейтін бөлім болса, оған экскурсияға барыңдар. Музейде көрген-білгендерінді баяндап беріндер.

ДОКУМЕНТ

Массагеттер¹ туралы Страбонның айтқандары

Массагеттер туралы, олардың бір бөлігі тауды, екінші бөлігі жазықты, енді бір бөлігі өзен суынан болған батпақты, төртінші бөлігі — сол батпақтардағы аралдарды мекендеген дейді. Басқа өзендерден гөрі су тармақтары көп Аракс (Амудария) өзені бұл елді суландырып отырады дейді; оның барлық сағалары теңіздің солтүстік бөлігіне, тек бір ғана сағасы Шырқан шығанағына құйған. Олар күнді ғана құдай деп таниды, оған құрбандыққа жылқыларын шалады...

Өздері ат үстінде де, жаяу да мықты жауынгерлер, қарулары — садақ, қылыш, қалқан, мыс балта, соғыста алтын белдіктер байлап; жеңіне алтын таңғыштар таңады. Аттарының жүгендері мен құйысқандары, өмілдіріктері алтынмен әшекейленген. Оларда күміс жоқ, темір аз, алтын мен мыс тіпті мол.

Аралдарда тұратын массагеттер егін екпейді, сондықтан да олар өсімдік тамырларын, жабайы жемістерді қорек етеді. Олар ағаш қабығын киім етеді (олардың малы жоқ), жемістерді сығып, суын сусын етеді. Батпақты жерде тұратындары балықты қорек етеді, теңізден шығып қалған тюленьдердің терісін киім етеді. Тауда тұратындары жабайы жемістерді қорек қылады. Олар аздап қой ұстайды, жүні мен сүтін пайдалану үшін соймайды. Көйлектерін өсімдік сөлімен алабажалақ етіп бояп алады, оның өзі көп уақытқа дейін оңбайды. Жазықта тұратындардың егінге қолайлы жерлері бар, бірақ оны өңдемейді, қой еті мен балықты қорек етеді, скифтерше көшпелі өмір сүреді. Бұл халықтардың бәрінің де өмір сүру тәртібі бірыңғай; өлікті жерлеу салттары, өмір сүру тәртібі мен дәстүрі ұқсас; әр халық окшау жүргенде зұлымдық, тағылық, шапқыншылық істейді, бірақ басқалармен қарым-қатынас жасағанда ақ пейіл, шыншыл болады.

ТАПСЫРМА

Осы мәлімет негізінде массагеттердің кәсіптері мен тұрмыс салтына сипаттама беріндер.

¹ Зерттеушілердің көбі массагеттерді сақ тайпалары деп санайды.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН ФЕОДАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТУУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ ДӘУІРІНДЕ

II тарау. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

§ 4. Қазақстандағы феодалдық қатынастар

Сендер СССР тарихы оқулығынан Закавказьеде, Орта Азияда және Қара теңіздің солтүстік жағалауларында алғашқы қауымдық құрылысты құл иеленуші құрылыс ауыстырғанын білесіңдер.

Қазақстан территориясында құл иеленушілік құрылыс болған жоқ. Мұнда рулық құрылыс ыдыраған кезде құл иеленуші емес шығыс славяндарындағы сияқты феодалдық қатынастар дами бастады. Қазақстанда феодалдық қатынастар шамамен, біздің эрамыздың алғашқы мың жылдығының орта кезінде пайда болды.

Бірақ Қазақстандағы алғашқы феодалдық қатынастардың өзіне тән ерекшеліктері болды. Феодалдық қоғамның ішінде Шығыс Европадағы сияқты құл иеленушілік уклад пайда болды. Құлдарды соғыс және рулар мен тайпалардың арасындағы қырғиқабақ жауласу кезінде қолға түсірді. Алған қарызын төлей алмағандықтың нәтижесінде адам құлға айналды. Құл еңбегі негізінен феодалдың үй шаруашылығында қолданылды. Құлдар мал бақты, жер жырты. Соғыс қимылдарына да араласты.

Қазақстандағы феодалдық қатынастардың екінші бір ерекшелігі — оның патриархтық-феодалдық болғандығында. Қоғам үстемдік жүргізуші — феодалдар табына және езілуші — шаруалар табына бөлінді.

Бірақ Қазақстанда феодалдық қатынастар алғашқы қауымдық құрылыс сарқыншақтарын сақтап қалды, олар әсіресе қазақ халқының тұрмысында көбірек байқалды. Қазақтарда руға бөлінушілік және көшіп-қонғанда, түскен олжаны бөліскенде, рулық үлкендік-ірілік тәртібі сақталды. Ежелгі заңдарда да патриархтық-ру құрылысының сарқыншақтарының әсері сақталды. Бұл заңдар бойынша әйелдердің ролі кемсітілді. Әйел өз ерінің мүлкіне мирасқор бола алмады, қоғамдық өмірге қатынастырылмады. Сот ісі қаралған кезде әйел куә бола алмады.

Жоғарыда айтылған патриархтық-рулық сарқыншақтар феодалдарға таптық айырмашылықтарды бүркемелеуге көмектесті. Ру көсемдері — мал иелері феодал болысымен ескі әдет-ғұрыптарды сақтады. Бұл әдет-ғұрыптар бойынша ру мүшелері өз көсемдеріне ақысыз-бұлсыз жұмыс істеді. Қарапайым қауым мүшелері көсемдерінің малын бағып, жылына оған бірнеше рет әртүрлі тартулар жасады. Сөйтіп, феодал шонжарлар рулық тәртіптерді өз тумалары, көшпелі шаруаларды қанау үшін пайдаланды.

Патриархтық-феодалдық қатынастардың негізі феодалдардың мал жайылымын меншіктеуінде еді. Малдың көбі феодалдардың қолына жинақталып, феодал бұл малды өз қажетіне пайдаланып қана қоймай, сондай-ақ оны көршілес тұрған халықтарға айырбастап та отырды. Қазақстанда феодалдардың жер меншігі ертедегі рулық сарқыншақтармен бүркемеленіп, жер рудың, қауымның меншігі болып есептелгенімен, іс жүзінде жерге тек феодалдың өзі ғана қожалық жүргізгенін естен шығармау керек.

Қазақстан жерінде феодалдық қатынастар біркелкі болмады. Ол мал шаруашылығымен бірге егіншілігі бар Шу, Талас және Сырдария өзендерінің аңғарларындағы оңтүстік аудандарда тез дамыды.

§ 5. VI—VII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы феодалдық мемлекеттер

1. Түрік¹ қағандығы. VI ғасырдың ортасында Алтайда Түрік қағандығы деген атпен белгілі болған тайпалар одағы құрылды. Көп кешікпей ол тек азиялық ғана емес, дүние жүзілік тарихтан орын алды.

¹ «Түрік» деген термин «түркін» деген сөзден шыққан, ол «әскери шонжарлар» деген сөз.

Қағандық құрамына енген тайпалар тәуелсіз болды. Кейінірек қағандық Шығыс және Батыс болып екіге бөлінді. Батыс қағандығының орталығы Жетісу жері болды. Оның құрамына ұйсін, қаңлы, түркеш, карлук тайпалары енді. Бұлар түркі тілді тайпалар болатын.

Батыс түрік қағанаты қуатты держава болды. Онымен күрестірілген Иран да, алыстағы Византия да одактасуға тырысты. Датоу-қаған кезінде қағанат тіпті күшейіп, Қара теңіз жағалауында сәтті соғыс жүргізді. Иранмен соғысқанда Византияға қарсы мектесіп, Шығыс Түркістанға жорық жасады. Датоу-қағанның мирасқорларының тұсында қағанат өзіне Орта Азияны бағындырып алды.

Батыс Түрік қағандығы алғашқы феодалдық мемлекет болды. Оны жоғары билік иесі және әскери қолбасшы — қаған басқарды. Қағандықтай тайпа ақсүйектерінің жиналысында сайлады. Олтайтайпа шонжарлары мен өздерінің туыстарына арқа сүйеді. Қалаларда бұқара «қара-будун» — «қара халық» деп аталған кішігірім көшпелі малшылар және еркін егіншілер болатын. Қағандық халықтардың негізгі өндіріс құралы жер, қысқы және жазғы жайылымдар болды.

Көшпелілердің басты байлығы мал болды. Ол жеке меншік болып, мұралыққа берілді. Қағандықта дүние мүлік теңдігі болды. Мысалы, археологтар тайпа шонжарлары жерленген қорғаннан алтын мен күмістен жасалған заттар мен әшекейлер және жібек киімдердің қалдықтарын, қымбатты әшекейлер, қарулар мен сәнді тұрмандар тапты. Әдетте Түрік молаларының темір пышақ пен садақ оқтары табылды.

Түріктер асқан шебер қолөнершілер болған. Олар металл қарулар, әсем әшекейлер, қарулар шығарған. Темір ұсталары темір әбзелдерін безендіру үшін жалпақ жұқа қалайыларға әшекейлер жасауда асқан шебер болған. Күміс пен қоладан жасалған аспаптар, қарулар, бұғы сурет бейнелері нақышталып жасалған. Темірден пышақ пен қанжар, семсер мен қылыш және садақ оғының ұштары соғылған. Түріктердің атақты ағаш ойғыш қолөнершілері де болды. Олар ет салатын жайпақ табак, садақ ағаштан жасалатын негізін, садақ оғының ағаш сабын жасады.

Өлген адамның қабіріне жауынгердің тастан салынған сүйегі мен батын қою түріктердің әдеті болатын. Мүсіндерді зерттеу ежелден басталды. Мүсіндердің тұлғасын, олардың киген киімдерін, жасалған қаруларын, аттанарда қолына ұстаған қаруларын, жақсы көрген әшекейлер мен күнделікті тұрмыста тұтынған нәрселерін көз алдына елестетуге мүмкіндік береді.

Түріктерде жазу да болған. Түрік жазулары Талас өзені бойындағы аңғарынан табылған. Жазулар ежелгі руни жазуына ұқсас ер

ше әріппен жазылған. Сондықтан оны рунилық (руника) жазу деп атаған.

VIII ғасырдың басында қағандық ыдырап, оның жерінде түркеш тайпалары күшейді. Бірақ түркештер де Жетісуда ұзақ тұра алмады. Оларды арабтармен болған күрес әлсіретіп тастады. VIII ғасырдың ортасында-ақ мұнда өкіметті карлуктар басып алды.

2. Карлук қағандығы. Жетісуда, Қазақстанның оңтүстігінде карлуктардың үстемдігі 200 жылға жуық уақытқа созылды. Іле, Талас, Шу аңғарларында шегелі және ягма тайпалары да қоныстанды. Жазба деректерде карлуктар қағандығында гүлденген тұрақты мекендер мен қалалар болған делінген. Карлуктардың бір бөлігі егіншілікпен, ал екіншісі мал шаруашылығымен шұғылданған. Сондай-ақ аңшылық та дамыған. Карлук қоғамы таптарға бөлінді. Жайылым мен малды патриархтық бай семьялар өз қолында ұстады. Олар өздерінің қатардағы тайпаластарын мал бағыл, егістікте жұмыс істеуге мәжбүр етті.

Қалалардың халқы кедейленген шаруалар есебінен көбейді. Малдарынан айрылған шаруалар егіншілікпен шұғылдануға, немесе егін жайы мен су көздері бар феодалдарға жұмыс істеуге мәжбүр болды. Сондай-ақ қалалардағы билік ірі феодалдардың қолында болды. Әдетте қала басқарушысының қамал сарайы мен бай жер иелері, көпестер, қолөнершілер және шахристан (посад) халықтары тұратын қалаға жан-жағы қоршалған ауыл-аймағы қосылып жататын. Қоршалған қабырғалар жаудан қорғануға және қала мен аймақ иелеріне қарасты жерлердің шекараларын көрсетуге қажет болды. Жол бойларында рабат — әскери қоныстар орналасты. Карлук қағандығын жабғулар-князьдар басқарды. Олар Орта Азияны билеп-төстеушілер саманидтермен соғыс жүргізді.

940 жылы Жетісуды қарахандықтар жаулап алғаннан кейін карлуктар өзінің тәуелсіз иеліктерін тек Іле аңғарларында ғана сақтап қалды. Қағандықтың астанасы Қойлық қаласы болды.

3. Огуздер мемлекеті. Қазақстанның басқа да аудандарында таптық қоғам қалыптаса бастады. IX ғасырдың аяғында Сырдария өзенінің бойында, Батыс Қазақстан далаларында, Үстірттің солтүстік жағында, Жайық пен Ембі өзендерінің аралығында алғашқы феодалдық Огуз мемлекеті құрылды. Мемлекет басшылығында яғбу болды. Огуздер бірлестігіне түркі тілдес көшпелілер мен егінші тайпалар енді. Огуздер кезінде Сырдария өзенінің бойын мекендеген отырықшы қоныстар одан әрі дами түсті. «Огуздердің қалалары өте көп, — дейді X ғасырдың географы Әл-Идриси, — ол қалалар солтүстік пен шығысқа қарай бірінен соң бірі созылып жатыр». Огуздердің астанасы Сырдарияның тө-

менгі ағысындағы Янгикент қаласы болды. Сауда мен колөнерінің ірі орталықтары Жент және Сауран қалалары болды. Көшпелі огуздер қой, жылқы, түйе өсірді. Феодал шонжарлар көп малға ие болып, Орта Азиямен, Иранмен, Кавказбен сауда жасады.

Феодалдық қатынастар дамыған сайын огуздердің арасында өз ара тартыс күшейді. Күйзелген шаруалар мен феодалдардың арасындағы таптық күрес те шиеленісе түсті. Мұның бәрі Огуз державасының құлауына әкеліп соқты. X ғасырдың аяқ кезінде-ақ огуздер Орта Азияға көше бастады. Огуз мемлекетінің құлдырап, құрып кетуіне қыпшақтар себепші болды. Қыпшақтардың соққыларынан Огуз державасы XI ғасырдың орта шенінде біржолата құлады.

4. Қимақтар мен қыпшақтар. VIII—IX ғасырларда Қазақстанның Солтүстік, Шығыс және Орталық аймақтарын түркі тілдес қимақ және қыпшақ тайпалары қоныстады. X ғасырдағы белгісіз бір географтың «Дүние шегі» деген қолжазбасында қимақтар жөнінде: «Олардың өлкесі болған жердің шығысында қырғыз¹ деген өзгеше бір халық тұрады, оның оңтүстігінде Ертіс өзені және Сырдария өзені бар, оның батысында қыпшақтардың бірсыпырасы тұрады және солтүстігінде бірсыпыра құлазыған бос жер. Одан солтүстікке қарай адам баласы күн көре алмайтын өлкелер. Бұл жақта олардың (қимақтардың — *ред.*) тек бір ғана қаласы бар; онда көптеген тайпалар тұрады; халқы киіз үйде тұрады және қысы-жазы жайылым, шалғын, су қуалап көшіп жүреді. Оның байлығы — бұлғын мен қой. Тамақтары — жазда сүт, қыста кепкен ірімшік. Қимақтар патшасы хақан деп аталады, оның тек қимақтар өлкесінде ғана 11 салық жинаушысы бар... Қимақтардың хақаны (қағаны) Намания қаласында тұрған. Қимақтардың діні жайындағы деректерде: Қимақтар Ертіс өзенін құрмет тұтты, оған табынатын дей келіп: «Қимақтардың құдайы — өзен» делінген. Қимақтарда мал шаруашылығы, аңшылық, сауда кең дамыған. Әсіресе тері илеу кәсібі күшті дамыған. Олар былғарыға жұқа металдардан ою салып өрнектелген белбеулер, өңірге тағатын өрнекті әшекейлер жасады.

Қыпшақтар қимақтардың батыс жағын мекендеді. Олардың мекендеген жері «Дәшті-Қыпшақ», яғни қыпшақ даласы деп аталды. Қыпшақтардың негізгі кәсібі — мал шаруашылығы болды. Қыпшақтарды замандастары: «Қыпшақтар малға өте бай — түйесі, өгізі, қойы, сиыры, жылқысы көп. Оларда жүк артатын малдың көптігі соншалық, біздің ойымызша, ондай мал бүкіл

¹ Әңгіме Енисей қырғыздары жайында болып отыр. *Ред.*

дүние жүзінде жоқ шығар» деп хабарлайды. Қыпшақтарда қол-өнер кәсібі дамыған қалалар да болды. Қыпшақтар жерінен күміс және алтын шығарылды. XI ғасырда қыпшақтар Сырдария және Қаратау қалаларын өздеріне бағындырып алды.

Қимақтар мен қыпшақ қоғамы бір текті болмады. Оларды феодал шонжарлар басқарды. Көшпелі-шаруалар феодалдарға жұмыс істеді. Олардың еңбегі соншалықты қиын және адам айтқысыз ауыр болды. Қыпшақ мемлекеті XII ғасырдың аяғында күйреді.

5. Қарахандықтар мемлекеті. X ғасырда Жетісуда Қарахандықтар мемлекеті құрылды. Бұл мемлекеттің аты Қарахан деген ханның есіміне байланысты қойылған.

Жаңа мемлекеттің алғашқы шекаралары шығыста Қашғармен, ал батыста Оңтүстік Қазақстан аудандарымен шектесіп жатты. Мемлекет астанасы Шу аңғарларындағы Баласағұн қаласы болды. 992 жылы қарахандықтар Орта Азияны жаулап ала бастады. Қарахандықтар кезінде X—XI ғасырларда феодалдық қатынастар бұрынғыдан да тезірек дами бастады. Мемлекет басшысы тамғаш-хан деп аталды. Ол мемлекетті өзінің жақын жуықтарымен және наместниктерімен бірігіп басқарды. Хан оларға елден салық жиюды тапсырды. Салық жию правосы «икта» деп аталды. Иктаға ие болғандар тек салық жиюмен ғана қанағаттанбады. Олар шаруалардың жерін де басып алды. Феодалдар жерді жиі-жиі арендаға беріп, ол үшін шаруалардан өндірілген астықтың едәуір бөлігін алып отырды. Қанаудың мұндай түрі издольщина (жарма-жаршылық) деп аталды.

Қарахандықтар кезінде базарға сататын заттарды өндіру ісі дами бастады. Осының нәтижесінде маманданған арнаулы қолөнер шеберханалары пайда болды. Сауда көлемі ұлғая түсті. Қарахандықтар мемлекеті Иранмен және Русьпен қызу сауда жүргізді.

Шығыс Түркістан жерінде тұратын ұйғырлар да қарахандықтардың қол астында болды. Оларда да феодалдық қатынастар үстемдік етті, егіншілік, қолөнер, сауда дамып, қалалар көбейді. Мұнда Турфан, Хотан, Куча хандықтары болды.

Қарахандықтар көршілес мемлекеттермен ұзақ уақыт бойы табан тіресе соғысты. Осының бәрі әрбір наместниктің дербестікке әрекеттенгендігінен онсыз да әлсіз феодалдық мемлекетті мүлде әлсіретіп жіберді. Сонымен қатар шаруалар мен шонжарлар арасында таптық күрес шиеленісе түсті. XI ғасырдың орта кезіне таман Қарахандықтар мемлекеті біржолата құлады.

§ 6. VI—XII ғасырларда Қазақстан жерінде қалалардың, сауданың және қолөнер кәсіптерінің дамуы

Үйсіндер мен қаңлылардың егіншілікпен де шұғылданғаны жайында айтылған болатын. Олардың түріктер, карлуктар, әсіресе қарахандықтар кезінде дами түскен отырықшы қоныстары және қолөнер орталықтары болды. Солардың ішінде Суяб — Батыс Түрік қағандығының астанасы, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар қалалары болатын. Қалалардың шығуы — таптық қоғамның құрылуының айқын айғағы еді. Ф. Энгельс адамзат қоғамының дамуында қалалардың қандай роль атқарғанын көрсете келіп, ол: «Бекініс орнатылған жаңа қалаларды айбарлы қорғандардың айнала қоршап тұрғаны тегін нәрсе емес, олардың төңірегіндегі ор-апандардан ру құрылысының моласқан көрінеді, ал олардың мұнаралары қазірдің өзінде-ақ цивилизацияға тиіп тұр»¹, — деп жазды.

Қазақстан қалалары арқылы сауда керуен жолдарының өтуі олардың дамуында маңызды роль атқарды. Иран мен Византиядан Қытайға баратын ұлы жібек жолы Жетісу арқылы өтті. VIII—IX ғасырларда көшпелілердің бір бөлігі отырықшылыққа ауысты. Олар қала тұрғындарын толықтыра түсті. Шу, Тала және Іле аңғарларында егіншілікпен қолөнерінің ірі орталықтары пайда болды. Ежелгі қаланың орталығы қамал — бекіністер болды, онда қала әкімінің резиденциясы орналасты. Оның қасына көпестер, ірі жер иеленушілер, чиновниктер, қолөнершілері тұратын сырты биік дуалдармен қоршалған қаланың екінші бөлігі орналасты. Осы кезде көптеген қолөнер шеберханалары орналасқан және қаланың қарапайым адамдары тұратын қала маңындағы қоныстар да салына бастады. Қаланың экономикалық өмірінің орталығы — базар болды. Базардан қой, жылқы, былғары, киіз және қой терілері мен кілемдер әкелінсін сататын даланың көшпелі адамдарын да кездестіруге болатын. Олар егіншілерден — астық, қолөнершілерден — металл заттарын, әшекейлі нәрселер мен мата сатып алатын.

Қала маңында бай жер иелерінің қамалды усадьбалары, феодалдардың замоктары, қарапайым шаруалар қоныстары, орналасты. Егін шаруашылығы мұнда суармалы болатын. Шебер қол егіншілер каналдар қазатын, оны сумен ағып келген тұнбадан тазалап тұратын. Судың бір тамшысы да пайдаға аспай босқа кетпейтін, Қазақстанның оңтүстігінде негізінен бидай, ал Іле



¹ К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I-бөлім, 140-бет.

аңғарында — тары егілетін. Сырдария, Талас және Шу аңғарларында жүзім өсірілетін. Жүзімнен шарап, тәтті тағамдар жасайтын.

Қалаларда қолөнер кәсібі дамыды. Қышшылар балшықтан түрлі заттарды: астық сақтайтын, су және шарап құятын алып ыдыстар, әсем құмыралар мен дөңгелек стол — дастарқандар және білте шамдар, тамақ пісіретін қазан және нәзік жұқа шыны-аяқ жасап шығаратын. Бұлардың қасында темір ұсталары, зергерлер, тоқымашылар еңбек ететін. Алтайдан, Тянь-Шаньнан, Қаратаудан өндірілетін рудалардан металл қорытылды. Мұнда кен қазушылар мен металлургияның қоныстары пайда болды. Әсіресе Таластың жоғарғы ағысындағы күміс кендері өзінің күмісімен даңқты болды.

Қазақстанда да қалалардың гүлденуі Орта Азиядағыдай феодалдық қатынастардың дамыған кезі X—XII ғасырларға жатады.

Екіншіліктің дамуымен отырықшылықтың арасында базарға



Бабаджан-хатын мазары (X—XI ғғ.). Айша-Биби мазары (X—XI ғғ.).

шығаратын колөнер бұйымдарын өндіру көбейді. Қалаларда сауда өсе берді.

Сауда қатынасында ақша барған сайын маңыз ала бастады. Әр түрлі қалаларда тұратын ірі феодалдар шығарған сан қилы соғылған ақша монеттері сауда айналымына түсті. Тараз, Отырар, Алмалықтан шығарылған монеттер кең тарады.

§ 7. VI—XII ғасырлардағы Қазақстандағы халықтар мен тайпалардың мәдениеті

1. Құрылыс және архитектура. VI—XII ғасырларда Қазақстанда құрылыс ісі мен халықтық архитектура дамыды. Отырықшы аудандарда тұрғын үй балшықтан, тастан, шымнан, ағаштан, камыстан салынды. Ірі құрылыстарды салуға күйдірілген кірпіш пайдаланылды. Қалалардағы сарайлар, мешіттер, моншалар кірпіштен салынды.


Ежелгі архитектуралық мұраға Айша-Биби мазарының (Жамбыл қаласының маңында) қалдықтары жатады. Ол XI—XII ғасырда карахандықтар тұсында салынған. Айша-Биби мазары бір күмбезді шағын үй. Бірақ оның теңдестіріле салынғандығы соншалық өте ірі де әсем көрінеді. Мазар биік төбенің

жазық төскейіне салынған. Қабырғалары қазақ шеберлерінің кілемге түсіретін ою-өрнектерімен әшекейленген.


Осы жерде Бабаджан-хатын мазары да бар. Бұл да сол XI ғасырда салынған.

Сол мезгілдегі тамаша құрылыстың бірі — Тараз моншасы болды. Оның қызу жіберетін күрделі трубалар жүйесі, бассейндері болған. Қабырғалары фрескалық жазулармен безендірілген. Мұның бәрі халық арасынан шыққан шеберлердің қолымен жасалған.

2. Халық ауыз әдебиеті мен творчествосы. Қазақстанның ежелгі тұрғындары кейінгі ұрпаққа өте бай ауызша поэтикалық творче-



Қол жуатын леген. Тараз қаласы.
(X—XII ғғ.).



Баба-Ата калашығы (VIII—XII ғғ.).

ство қалдырған. Онда халықтың ғасырлар бойы жиған тәжірибесі, оның арманы және үміті білдірілген. Ежелгі кезден біздің кезімізге дейін түркі жазбаларының сирек кездесетін деректері де жетті. Сол дәуірдің әдебиетінің жазба деректеріне XI ғасырдың аяғында Махмуд Қашқари құрастырған «Диван-луғат-ат-түрік» («Түркі тілінің сөздігі») жатады. Авторға 25 түрлі тайпа белгілі болған. Солардың ішінде ол қырғыз, ұйғыр, оғыз, қыпшақтарды атайды. Сөздікте сол кездің тарихы, фольклоры, тілі жайында құнды мәліметтер бар. Махмуд Қашқаридің келтірген мақалдарының ішінде осы күні де халық арасында айтылып жүрген: «Қонақ келді — ырыс келді», «Атын аямаған жаяу қалар», «Атқан оқ кері қайтпас» деген мақал-мәтелдерді кездестіруге болады.

Жазба әдебиетінің таңдаулы үлгілеріне 1069 жылы Баласағұн қаласынан шыққан, Юсуф жазған «Кутадгу билиг» («Қалай бақытты болу керектігі жайында ғылым») деген поэмасы жатады. Онда феодалдар, көпестер, малшылар, қолөнершілер жайында жырланады. Феодалдардың езгісінде қиналып жүрген халық жағдайы жайында айтылады. Поэмада карахандықтар мемлекетінің әлеуметтік құрылысы жайында да түсінік береді.

Ежелгі кездерден біздің кезімізге дейін Қорқыт жыраудың есімі жетті.

Көңілді, күлдіргіш және тапқыр Алдар Көсе мен Жиренше

жөніндегі аңыздар ерте кезден сақталған. Осындай тамаша дарынды адамдарды халық өз ойынан шығарған. Солар арқылы халық ақымақ байлар мен молдаларды, байлыққа көзі тоймаған сараң және қатігез хандарды мысқылдап мазақ етеді.

Алпамыс, Қобыланды батыр, Қозы Көрпеш — Баян сұлу сияқты эпостық дастандарда халық Отанына деген шынайы сүйіспеншілікті және жауға деген мейлінше өшпенділікті ғасырлар бойы көксеп өткен.

3. Ғылым. Орта Азия мен Қазақстанда сондай-ақ ғылым да дамыған. Әбунасыр Фараби (870—950) тамаша ғалым болған. Ол Отырар қаласында туған. Фараби ірі философ, математик, музыкант және дәрігер болған. Ол білімнің әр түрлі салалары бойынша жүзден астам еңбек жазған. Олардың кейбіреулері осы күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

«Тамаша қала тұрғындарының көзқарасы» деген кітабында Фараби дінге қарсы шығып, дүниенің жаратылмағандығын дәлелдеді. Бұл кітап үшін оны мұсылман діни адамдары қуғынға ұшыратты. «Музыка туралы үлкен трактат» деген еңбегінде Фараби орта ғасырлық музыка мәдениетінің дамуына едәуір әсер етті.

Сол кездегі белгілі ғалым-ойшылдың енді бірі Бируни (973—1048) еді. Ол Хорезмнің астанасы кене Қият қаласында тұрған. Бируни математикадан, физикадан, ботаникадан, географиядан, геологиядан, минерологиядан, тарихтан, этнографиядан шығар-



Баба-Ата қалашығының қазындысы (VIII—XII ғғ.).